

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 қыркүйекте № 12045 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабының 41-58) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарды бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты заңнамамен бекітілген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқықтық ақпарат республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне және кезеңдік баспа шығарылымдарға ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е.А. Досаев _____

2015 жылғы 12 тамыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
Министрі міндетін атқарушысының
2015 жылғы 24 ақпанда
№ 196 бұйрығымен бекітілген

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттау талаптары (бұдан әрі - сертификаттау талаптары) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабының 41-58) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Сертификаттық талаптары авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж) жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Сертификаттық талаптарында мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық техника - авиациялық техникалық құралдардың жиынтығы (әуе кемелері, оның борт жабдықтары және агрегаттары, қозғалтқыштары, мемлекеттік авиация әуе кемелерінің авиациялық жарақтары, авиациялық құтқару құралдары, кешендік тренажерлер (әуе симуляторлары), жиынтық бұйымдар, әуе қозғалысын басқарудың техникалық құралдары, қондыру мен байланыс навигациялары, сондай-ақ ұшуды орындауға арналған жалпы және арнайы жерүсті ұшуларды қамтамасыз ету құралдары, әуе қозғалысын және жерүсті ұшуларды басқаруды ұйымдастыру;

2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша сертификаты (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж бойынша сертификаты) - авиациялық

техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын, белгіленген үлгідегі құжат;

3) авиациялық техниканы жөндеу – ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес анықталған, ұшуды орындау жағдайына жарамды ету үшін авиациялық бұйымды қалпына келтіру;

4) авиациялық техниканың пайдалану құжаттамасы – авиациялық техниканың және компонентінің техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшуы мен техникалық пайдалануын регламенттейтін және пайдалану шектеулері, рәсімдер мен ұсынымдар бар құжаттама;

5) адам факторы - авиациялық техника әзірлеуде және сертификаттауда, персоналды даярлауда, ұшуларды жүргізуде және техникалық қызмет көрсетуде қолданылатын және адамның қасиеттерін тиісінше қарастыру және есепке алу жолымен адам мен жүйенің басқа да элементтері арасындағы өзара қауіпсіз іс-қимылға қол жеткізуге бағытталған қағидаттар;

6) азаматтық авиация техникасына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жөніндегі рәсімдер бойынша нұсқау (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдер бойынша нұсқау) - авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жөніндегі ұйымның басшысы бекіткен және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жөніндегі ұйымның құрылымы, оның басшылығының міндеттері, орындалатын жұмыстар саласы, өндірістік базасы, техникалық қызмет көрсету рәсімдері мен сапаны қамтамасыз ету жүйесі туралы толық ақпараттан тұратын құжат;

7) азаматтық авиация техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның сапа жөніндегі нұсқау (бұдан әрі – АТ ТҚ және Ж сапа жөніндегі нұсқау) – АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапа саласындағы саясатын баяндайтын сапа жүйесін сипаттайтын құжат;

8) АТ ТҚ және Ж жөніндегі сыртқы желілік станция - азаматтық әуе кемелерінің АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым, оларға техникалық қызмет көрсету үшін құрған және Қазақстан Республикасынан тысқары жерде әрекет ететін желілік станция;

9) АТ ТҚ және Ж жөніндегі желілік станциясы - Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеудегі негізгі базасы орналасқан әуежайдан тысқары кемінде үш ай мерзімге құрылатын авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеу жөніндегі ұйымның бөлімшесі;

10) АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым - қолданыстағы сертификаты бар және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) басшы персонал - АТ ТҚ және Ж жөніндегі барлық жұмыстарды өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес ресурстық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді

жүзеге асыру үшін жеткілікті өкілеттігі бар ұйым персоналының құрамындағы уәкілетті тұлғалар;

12) бұзылмайтын бақылау – объектіні жұмыстан немесе демонтаждан шығаруды талап етпейтін және оның жеке элементтерінің/тораптарының немесе объектінің құрылымдары мен параметрлерінің негізгі жұмыс беріктігін бақылау;

13) инженерлік-техникалық персонал - ӘК және/немесе оның компоненттерін АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмысқа рұқсаты бар авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі бар авиациялық персонал;

14) рұқсат беруші персонал - Техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйым техникалық қызмет көрсеткеннен кейін авиациялық техниканы немесе оның компоненттерін пайдалануға рұқсат беруді жүзеге асыратын уәкілеттік берген авиациялық персонал;

15) сапа жүйесі - АТ ТҚ және Ж жөніндегі сапасына әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттамалық әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы;

16) техникалық қызмет көрсету туралы куәлік - техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымның қызметі туралы басшылықта баяндалған бекітілген деректер мен рәсімдерге сәйкес, онда көрсетілген техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық орындауды растайтын мәліметтер бар құжат;

17) техникалық қызмет көрсету – бақылау қалпына келтіру жұмыстарын, тексеруді, алмастыруды, ақауларды жоюды қоса алғанда, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүргізу, жеке-жеке де, үйлестіріп те орындалатын, сондай-ақ түрлендіруді іс жүзінде жүзеге асыру;

18) ұшуға жарамдылығы - әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін оның техникалық жай-күйі;

19) ұшу жарамдылығын ұстау – авиациялық техниканың ұшу жарамдылық нормаларына сәйкестігін және оларды пайдалану қызметінің мерзімі ішінде қауіпсіз пайдалану үшін қажетті күйде ұстауын қамтамасыз ететін шаралар кешені;

20) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі - қажетті ұйымдастырушылық құрылымды, жауапкершілік сатылығын, басшылық ететін қағидаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі көзқарас (ИКАО Чикаго конвенциясының 6-қосымша 1-тарауы).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптар

4. АТ ТҚ және Ж ұйымдастыру үшін мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет:

1) қызметтің мәлімделген саласында жұмыстарды орындау үшін жеткілікті өзінің рәсімдерін басқару жүйесін сипаттайтын бекітілген ұйымдық құрылымның және АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым рәсімдері бойынша нұсқауының болуы;

2) қызметтің мәлімдеген саласына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыруға және орындауға қойылатын талаптарды айқындайтын жарамды және белгіленген тәртіппен ескерілген пайдалану құжаттамасының болуы;

3) авиациялық техникаға (бұдан әрі - АТ) техникалық қызмет көрсету бағдарламасы бойынша (регламенті), ұшуға жарамдылық директивалары, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның нұсқаулары мен өкімдері, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат, АТ әзірлеушінің (жасаушының) бюллетеньдерімен байланысты АТ ТҚ және Ж бойынша жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету;

4) азаматтық авиациядағы қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының және ұйымның ішкі құжаттамасының талаптары мен ережелерін оларды уақытылы зерделеу және орындау мақсатында персоналдың назарына уақытылы жеткізу нұсқаулығының болуы;

5) бекітілген жұмыс түрлерін орындау үшін қажетті техникалық деректердің, жабдықтардың, құралдардың және материалдардың болуы;

6) құрамдас бөліктер мен материалдарды, жабдықтары сақтауға арналған қоймалармен қамтамасыз етіледі. Сақтау шарты сақталатын заттардың зақымдануын және бұзылуын болдырмайды және қорғанысты қамтамасыз етеді.

7) жұмыстарды орындауға қажетті құрамдас бөліктердің, қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарының қажетті қорының болуы;

8) штатта жоспарланған жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін мөлшерде білікті персоналдың болуы;

9) персоналдың біліктілігін қолдау (арттыру), оны даярлау және қайта даярлау жүйесінің болуы;

10) техникалық қызмет көрсету туралы куәлікке қол қою кезінде барлық талаптардың орындалғанын куәландыратын, техникалық қызмет көрсету туралы толық тіркелетін деректерді сақтауды қамтамасыз ету;

11) АТ ТҚ және Ж жөніндегі барлық жұмыстардың тиісінше орындалуына кепілдік беретін сапаны қамтамасыз ету жүйесінің болуы;

12) АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаудың және АТ ТҚ және Ж сапасы жөніндегі нұсқаудың болуы;

13) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің (бұдан әрі - ҰҚБЖ) болуы.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) қолайсыз ауа-райы жағдайларынан қорғауды қамтамасыз ететін барлық жоспарланған жұмыстарды орындау үшін өндіріс қуаттарының, зертханалардың, учаскелердің болуы. Техникалық қызмет көрсетуді орындаған кезде қоршаған ортаны ластанудан және әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін қажетті, өзара бөлінген цехтар мен ангарлардың болуы;

2) барлық жоспарланған жұмыстарды басқаруды қамтамасыз ету, сондай-ақ белгіленген АТ ТҚ және Ж стандарттарына сәйкес өзінің міндеттерін табысты орындай алуы үшін рұқсат берілген персоналды орналастыру үшін жұмыс (офистік) үй-жайларының болуы;

3) жабдықтармен жұмыс істеу үшін ангарларды, цехтарды (зертханаларды, учаскелерді) қоса алғанда, өндірістік орта жағдайының және офистік үй-жайлардың онда орындалатын жұмыстарға сәйкес келуі, бұл ретте:

үй-жайлардағы температуралық режим Цельсий бойынша 16-22 градус аралығында ұсталуы тиіс;

шаң мен ауаның басқа да ластануы барынша азайтылуы тиіс, ӘК-нің/компоненттерінің беткі қабатына шаң қонуы көзге түскенде, жұмыс аумағының ластануының мұндай деңгейіне жол берілмейді. Шаң немесе беткі қабатына шаң қону түріндегі өзге де ластану пайда болған жағдайда қолайлы жұмыс жағдайларын қалпына келтіргенге дейінгі кезеңде ластануға сезімтал барлық жүйені тығыз жабу қажет;

жарық АТ ТҚ және Ж жөніндегі тексерулердің барлық түрлерін, қараулар мен басқа да жұмыстарды тиімді жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс;

шу персоналдың жұмыстарды орындауына кедергі келтірмеуге тиіс, шу көзін реттеу орынсыз болған жағдайда аталған персонал артық шудың жұмыстарды орындауға кері әсерін жоятын қажетті дербес шудан қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуіне тиіс;

АТ ТҚ және Ж жөніндегі нақты жұмыс жоғарыда айтылғандардан ерекше өндірістік ортаның айрықша жағдайларын жасауды талап еткен жағдайда, мұндай жағдай жасалуға тиіс, мұндай айрықша жағдай АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттамада көрсетіледі;

жедел АТ ТҚ және Ж орындау шарты Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің

талаптарына сәйкес келуге тиіс, температура, ылғалдық, тұман, мұз, қар, жел, жарық, шаң немесе ауаның осындай өзге де ластануы бөлігінде жол берілмейтіндей деңгейге дейін жұмыс жағдайы нашарлаған жағдайда, нақты жұмыс немесе АТ ТҚ және Ж түрі қалыпты жұмыс жағдайын қалпына келтіргенге дейінгі кезеңге кейінге қалдырылуға тиіс;

компоненттерді, жабдықтарды, аспаптар мен материалдарды орналастыру үшін қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған қойма үй-жайларының болуы. Сақтау шарты кондициялық және кондициялық емес құрамдастар мен материалдарды және басқа да өзге құрамдастарды, материалдарды, жабдықтар мен аспаптарды бөлек сақтауды қамтамасыз етуге тиіс. Сақтау шарты АТ әзірлеушілердің нұсқауларына жауап беруге тиіс, ал бұл үй-жайларға шектеу қойылып, рұқсат тек уәкілетті персоналға ғана берілуге тиіс.

Параграф 2. Персоналға қойылатын талаптар

6. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым жауапты басшыны тағайындайды, оған жұмыстарға тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес АТ ТҚ және Ж жөніндегі барлық жұмыстарды қаржыландыру және уақтылы орындау бөлігінде жауапкершілік жүктеледі.

7. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымда ұйымның осы талаптарға тұрақты түрде сәйкестігіне қатысты жауап беретін басшы персонал болады. Бұл басшы персонал тек ұйымның жауапты басшысына ғана бағынады, бұл ретте:

1) басшы персонал Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестаттауға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің "Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 301 бұйрығының, (2015 жылғы 23 сәуірде нормативті-құқықтық актілердің мемлекеттік реестрде тіркелген № 10794) Азаматтық және экспериментальды авиацияның тіркелген бұйрығына сәйкес аттестатталады;

2) әрбір нақты адамның, олардың ұзақ уақыт болмай қалған жағдайда орнын ауыстырудың айқын рәсімдері болуға тиіс.

8. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымда осы талаптарға тұрақты түрде сәйкестігіне қатысты жауап беретін басшы персонал болады. Бұл басшы персонал тек ұйымның жауапты басшысына ғана бағынады, бұл ретте әрбір нақты адамдардың ішінен олардың ұзақ уақыт болмаған жағдайында орнын алмастыру рәсімдері болуы тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымда жоспарлау, орындау, өндірісті басқару және жұмыстардың сапасын бақылау үшін оны бекіту саласына сәйкес қызметкерлердің жеткілікті өз штаты бар екендігін растайтын жүктеме жоспары болуға тиіс. Бұдан басқа, ұйымда қызметкерлердің іс жүзіндегі штаты нақты жұмыс ауысымы немесе жұмыс кезеңі үшін жоспарланғаннан аз болған жағдайда орындауға қабылданған жұмыстарды жедел қайта жоспарлау рәсімі болуға тиіс.

10. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісілген рәсімдерге сәйкес ТҚ орындауға, басқаруға немесе жұмыс сапасын бақылауға қатысатын персоналдың құзырет деңгейін белгілейді және бақылайды. Белгілі бір еңбек функциясына қатысты қажетті жұмыс тәжірибесінен басқа, құзыреттілік деңгейі адам факторы мәселелері мен осы адамның ұйымдағы тиісті функциясына байланысты адамның қасиеттерін түсінуді қамтиды.

11. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мысалы, ӘК және/немесе құрамдастарды бұзылмайтын бақылау сияқты ұшуға жарамды етіп ұстауға байланысты жұмыстардың арнайы түрлерін орындайтын немесе бақылайтын персоналда ӘК/компонент бөліктерді әзірлеушілердің нормативтік талаптарына сәйкес келетін біліктіліктің болуын қамтамасыз етеді.

12. Сапа жүйесіне қатысты жауап беретін адам, АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның атынан рұқсат етілетін персоналға рұқсаттар беруге де жауап береді.

13. Ұйым барлық инженер-техникалық персоналдың тізілімін жүргізеді. Персоналдың тізілімі мыналардан тұрады:

- 1) АТ ТҚ және Ж жөніндегі мамандардың куәліктері туралы мәліметтер;
- 2) персонал өткен барлық даярлық түрлері туралы мәліметтер;
- 3) берілген рұқсаттар саласында;
- 4) шектелген немесе бірнеше рұқсаты бар персонал жөніндегі деректер.

14. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым тізілімнің деректерін инженер-техникалық персонал құрамындағы адам осы ұйымнан жұмыстан кеткен күнінен не рұқсатты жойған күннен бастап кемінде екі жыл сақтайды. Бұдан басқа, рұқсат етілген персоналдың құрамындағы жұмыстан кететін адамның сұрау салуы бойынша АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым бес жұмыс күні ішінде оған тізілімнен үзінді көшірме береді.

Параграф 3. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның жабдықтарына, аспаптары мен материалдарына қойылатын талаптар

15. АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстарды орындау үшін бекітілген қызмет саласына сәйкес АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым қажетті жабдықтарға, аспаптар мен материалдарға ие болады.

Егер АТ әзірлеуші нақты құралды немесе аспапты қолдануды көрсетсе, онда АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым осы жабдықты немесе аспапты АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі туралы басшылықта жабдықтардың немесе аспаптардың өзге

түрлерін қолдану жөнінде рәсімдер белгіленген жағдайларды қоспағанда, қолданады. Кезеңді ТҚ орындауға бекітілген АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым қол-жетімді қажетті құралдармен жабдықталады және онда ӘК мұқият тексеру үшін тексеру мен қарауды жүргізу үшін тұғырнамасы (немесе балама жабдығы) болады.

16. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым жұмыс істеу қабілетін және дәлдікті қамтамасыз ететін кезеңділікпен бақылау құралдарын қоса алғанда, барлық жабдықтар мен аспаптарды есепке алуды және метрологиялық бақылауды қамтамасыз етеді. Ұйым осындай метрологиялық бақылау және бұл ретте қолданылатын стандарттар бойынша есептік құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді.

Параграф 4. АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттамаға қойылатын талаптар

17. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның өз билігінде АТ ТҚ және Ж жөнінде қолданатын құжаттар болады және оны түрлендіру мен жөндеуді қоса алғанда, АТ ТҚ және Ж орындау кезінде пайдаланады.

18. Қолданылатын ТҚК және АТЖ жөніндегі құжаттар мыналарды білдіреді:

1) уәкілетті ұйым шығарған ұшу жарамдылығы директивалары және ұшу жарамдылығын ұстау жөніндегі нұсқаулар;

2) авиациялық техниканы әзірлеуші шығарған кез келген қолданылатын ұшу жарамдылығының директивалары;

3) авиациялық техниканың типтік сертификаты және оған толықтыруларды ұстаушылар шығарған жарамдылығын ұстау жөнінде қолданылатын нұсқаулар;

4) осы Сертификаттық талаптардың 26-тармағына сәйкес шығарылған кез келген қолданылатын құжаттар мен деректер;

5) егер олар Сертификаттық талаптардың 26-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгеннен ерекшеленсе немесе нақты өзге ұсыныстар жоқ болған кезде уәкілетті ұйым шығарған нұсқаулар.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым өндірістік персонал пайдаланатын АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттамада дәл емес, толық емес немесе дұрыс емес рәсімдерді немесе технологияларды, мәліметтерді немесе нұсқауларды тапқан жағдайда мұндай деректерді тіркеуді және АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттама авторын хабардар етуді қамтамасыз ететін рәсімдерді белгілейді.

20. Ұйым АТ ТҚ және Ж жөніндегі нұсқауды АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапасы туралы басшылықта айқындалған тәртіппен ғана өзгертеді, бұл ретте жөндеу мен түрлендіруге арналған құжаттаманы әзірлеу процестеріне жол берілмейді. Мұндай өзгерістерге қатысты ұйым ТҚ баламалы немесе неғұрлым жоғары стандарттарын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді және ӘК типті сертификатты ұстаушыны осындай өзгерістер туралы хабардар етеді.

21. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым нұсқаулықты АТ ТҚ және Ж сапасы жөніндегі нұсқауда айқындалған тәртіппен ғана өзгертеді, бұл ретте жөндеу мен түрлендіруге арналған құжаттаманы әзірлеу процестеріне жол берілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттаманы өз персоналының кедергісіз пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

23. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым уақтылы жаңартып отыруға кепілдік беретін АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттаманың жай-күйін бақылау рәсімін белгілейді. Егер құжаттаманың жай-күйін осындай бақылауды ӘК пайдаланушы/тапсырыс беруші жүзеге асыратын және өзі АТ ТҚ және Ж жөніндегі осы құжаттаманы ұсынатын болса, онда АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мұны пайдаланушыдан/тапсырыс берушіден АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттамаға барлық міндетті өзгерістердің енгізілгендігін куәландыратын хат не АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттаманы пайдалануға жататын мәртебені айқындайтын шартты не ӘК-не пайдаланушы/тапсырыс беруші берген АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттамаға өзгерістер есепке алынған парақты беру жолымен растайды.

24. Ұйымда жөндеу, технологиялық және бақылау құжаттамалары болуға тиіс.

25. Ұйымда белгіленген тәртіппен бекітілген, құрамы және саны бойынша:

- 1) Ұйымның барлық қажетті технологиялық құжаттаманы әзірлеуін;
- 2) қажетті жөндеу құралдарын әзірлеуді және даярлауды;
- 3) бұйымды жөндеу процесінде барлық бұзылуларды (ақауларды) табуды және оларды бағалау мен жою жөнінде шешімдер қабылдауды;
- 4) бұйымдарды түрлендіруді және қалпына келтіру жұмыстарын орындауды;
- 5) бөлшектерді дайындауды қамтамасыз ететін, есепке алынған конструкторлық құжаттама болады.

26. Ұйым ұйымдастырады:

- 1) конструкторлық құжаттаманы басқару жөніндегі рәсімдерді әзірлеуді;
- 2) жөнделенетін авиатехниканың әрбір түрі бойынша жөндеу үшін құжаттар ведомосының болуын;
- 3) қолданыстағы конструкторлық құжаттаманы есепке алу мен сақтауды ұйымдастыруды;
- 4) түсіп жатқан өзгерістерді дұрыс және уақтылы енгізу мен оларды орындаушылар мен техникалық бақылау бөлімінің қызметкерлеріне жеткізуді;
- 5) жарамсыз конструкторлық құжаттаманы қолданыстан алуды қамтамасыз етеді.

27. Бұйымдарды жөндеу (түрлендіру) авиатехниканы жөндеу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын сақтай отырып, Жасаушы (Әзірлеуші) белгіленген тәртіппен әзірлеген жөндеу жөніндегі құжаттама (Жөндеу

жөніндегі нұсқау, Негізгі бөлшектеу мен жөндеу рұқсаттарының альбомы және басқалар) бойынша жүзеге асырылады. технологиялық құжаттамада жұмыстарды орындау тәсілдері, кезектілігі және шарттары, бақыланатын параметрлер мен бақылау тәсілдері, технологиялық құрылғы, құрал мен материалдар, бұйымдарды зақымданудан және ластанудан қорғауға, өндірістік ортаға қойылатын талаптар, бөлшектерді сәйкестендіру тәсілдері көрсетілуге тиіс.

Жасаушының (әзірлеушінің) конструкторлық және технологиялық құжаттамасы, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік, салалық стандарттар мен өнеркәсіптің технологиялық нұсқаулықтары негізінде Ұйым әзірлеген технологиялық құжаттама қолданылуы мүмкін. Мұндай құжаттама Жасаушымен әзірлеушімен) келісілген.

Ұйым технологиялық құжаттаманы пайдалануды, өзгерістер енгізуді, орындаушыларға жеткізуді, есепке алу мен сақтауды жүзеге асырады.

Әуе кемелерінің (компоненттердің) жекелеген даналарын түрлендіру Әзірлеушінің құжаттамасы бойынша немесе онымен келісіліп орындалады.

28. Бұйымдарды жөндеудің (түрлендірудің) барлық сатысында:

1) бұйымның атауы мен нөмірінен;

2) түрлендіруді және конструкторлық құжаттаманың және технологиялық құжаттаманың (техникалық шешімдер парақтары, рұқсат карталары және басқалары) талаптарынан жіберілген ауытқуларды қоса алғанда, орындалған жұмыстардың көлемі мен мазмұнынан;

3) бөлшектердің, бұғаулардың және бұйымдардың іс жүзіндегі сипаттамалары мен параметрлерінен;

4) жұмыстарды орындау мен бақылау күнінен;

5) орындаушылар мен бақылаушылардың тегінен және қолынан (мөртаңбасынан, жеке таңбасынан) тұратын бақылау құжаттамасы ресімделеді.

29. Бұйымдарды жөндеудің (түрлендірудің) барлық сатысында:

1) бұйымның атауы мен нөмірінен;

2) түрлендіруді және конструкторлық құжаттаманың және технологиялық құжаттаманың (техникалық шешімдер парақтары, рұқсат карталары) талаптарынан жіберілген ауытқуларды қоса алғанда, орындалған жұмыстардың көлемі мен мазмұнынан;

3) бөлшектердің, бұғаулардың және бұйымдардың іс жүзіндегі сипаттамалары мен параметрлерінен;

4) жұмыстарды орындау мен бақылау күнінен;

5) жөндеуді орындаушылар мен бақылаушылардың тегінен және қолынан (мөртаңбасынан, жеке таңбасынан) тұратын бақылау құжаттамасы ресімделеді.

Бақылау құжаттамасын осы Сертификаттау талаптарының 22-тармағына сәйкес электрондық түрде жүргізуге және электрондық базада сақтауға жол беріледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.01.2023 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Бұйымның әрбір данасына ресімделген "Бұйымды жөндеу ісі" эталондық "Бұйымды жөндеу ісіне" сәйкес келуге тиіс. "Бұйымды жөндеу ісі" бұйымды есептен шығарғанға дейін ұйымда сақталады. ТҚК және АТЖ бойынша ұйым таратылған жағдайда "Бұйымды жөндеу ісі" азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым айқындаған ұйымға беріледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Пайдалану құжаттамасының номенклатурасы мен оны жүргізу тәртібі уәкілетті орган бекіткен стандарттар мен авиациялық техниканы пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беруге тиіс.

Параграф 5. Өндірісті жоспарлауға қойылатын талаптар

32. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымда орындалатын жұмыстардың көлемі мен күрделілігіне жауап беретін және барлық ресурстарды: персоналды, жабдықтарды, аспапты, материалдарды, АТ ТҚ және Ж жөніндегі құжаттаманы және АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті өндірісті үй-жайларды жоспарлау үшін пайдаланатын өндірісті жоспарлау жүйесі болады.

33 ТҚК және АТЖ жөніндегі жұмыстарды жоспарлау мен жұмыс ауысымын ұйымдастыру адамның психофизиологиялық шектеулерін ескере отырып, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Ауысымға немесе орындаушылар құрамының өзгеруіне байланысты АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстарды жалғастыру немесе аяқтау қажет болған жағдайда тиісті ақпарат ауысатыннан жаңадан келген персоналға дәлме-дәл беріледі.

Параграф 6. АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстар туралы мәліметтерді есепке алуға қойылатын талаптар

35. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым орындалған жұмыстар туралы бүкіл ақпаратты тіркейді. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым жұмыстардың қосалқы медігерлері (тарапты ұйымдар) ресімдейтін, АТ-ны пайдалануға

рұқсат беру туралы құжаттарды қоса алғанда, ТҚ туралы куәліктерді ресімдеуге қатысты барлық талаптарды сақтауды растау үшін қажетті есептік мәліметтерді сақтайды.

36. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым ӘК пайдаланушының билігіне ол ресімдеген әрбір АТ ТҚ және Ж туралы куәліктің көшірмесін, сондай-ақ осы жөндеуді немесе түрлендіруді орындаған кезде пайдаланылған жөндеуге немесе түрлендіруге арналған кез келген бекітілген құжаттаманың көшірмесін береді.

37. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстар туралы есептік мәліметтерді және АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмыстарға байланысты кез келген құжаттаманы осы жұмыстар орындалған нақты ӘК немесе ӘК құрамдас бөлігін осы ұйымнан шығарған күннен екі жыл ішінде мынадай тәсілмен сақтайды:

1) осы тармақта көзделген мәліметтер оларды бүліну және жоюдан қорғауды қамтамасыз етеді;

2) деректерді мұрағаттау мен резервтік сақтау үшін пайдаланатын барлық компьютерлік жабдықтар деректердің жұмыс көшірмелерінен тұратын жабдықтардан бөлек және осы жабдықтар мен мұрағат деректердің жақсы күйде ұстауды қамтамасыз ететін жағдайда орналасады;

3) ұйым өз қызметін тоқтатқан жағдайда соңғы екі жылда АТ ТҚ және Ж жұмыстары туралы барлық сақталған есептік мәліметтер соңғы тапсырыс берушіге немесе тиісті ӘК немесе компонентінің иесіне беріледі не оларды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның нұсқауларына сәйкес сақтау қамтамасыз етіледі.

Параграф 7. Ұшуға жарамдықтың бұзылуы туралы есептілікке қойылатын талаптар

38. ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйым азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға, ӘК тіркеу мемлекеті мен ӘК немесе компонентінің үлгілік конструкциясы немесе үлгілік конструкциясын түрлендіру үшін жауапты ұйымға және қажет болған жағдайда пайдаланушының мемлекетіне осы ұйым анықтаған ұшу қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер ететін немесе осындай әсер етуі мүмкін ӘК-нің немесе құрамдас бөлігінің ұшу жарамдылығының кез келген бұзушылығы туралы есепті жібереді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. АТ ТҚ жөніндегі ұйым осы сертификаттау талаптарының 41-тармағының ережелеріне сәйкес есептілікке жататын оқиғаларды бағалау нәтижелері бойынша іріктеу рәсімдерін қоса алғанда, осындай есептілік деректерін жинау мен бағалауды қамтамасыз ететін ұшу жарамдылығының бұзушылықтары туралы есептіліктің ішкі жүйесін құрады және АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі туралы басшылықта баяндайды. Аталған рәсімдер кемшіліктерді жоюға қабылданған түзетуші

іс-әрекеттердің теріс үрдістерін анықтайды, сондай-ақ қаралатын оқиғалар бойынша барлық қолда бар ақпаратты талдау тәртібі мен осы ақпаратты қажет болған жағдайда тарату әдістерін қамтиды.

40. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым осы Сертификаттау талаптарының 41-тармағының ережелеріне сәйкес есептілікке жататын оқиғаларды бағалау нәтижелері бойынша іріктеу рәсімдерін қоса алғанда, осындай есептілік деректерін жинау мен бағалауды қамтамасыз ететін ұшу жарамдылығының бұзушылықтары туралы есептіліктің ішкі жүйесін құрайды және АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауда баяндайды. Көрсетілген рәсімдер кемшіліктерді жоюға қабылданған түзету іс-қимылдарының теріс үрдістерін айқындайды, сондай-ақ қаралатын оқиғалар туралы барлық қолда бар ақпаратты талдау тәртібі мен осы ақпаратты қажет болған жағдайда тарату әдістерін қамтиды.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Ұйым есептілікті мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде, бірақ кез келген жағдайда міндетті есептілікке жататын оқиғаны АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым тапқан сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей әзірлейді және жібереді.

8-параграф. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдер бойынша нұсқауға қойылатын талаптары

Ескерту. 8-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға мынадай ақпаратты қамтитын АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі туралы нұсқауды табыс етуге тиіс:

1) қызыметін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі туралы нұсқаудың ережелеріне және онда көрсетілген барлық нұсқауларға сәйкес жүзеге асырған кезде жауапты басшы қол қойған ұйым қызметінің осы "сертификаттау талаптарының шарттарына сәйкестігі туралы декларация, сондай-ақ осы сәйкестікті үнемі қолдау міндеттемесі. Егер жауапты басшы ұйымдағы бірінші тұлға болып табылмаса, онда бұл тұлға осы декларацияға қол қоюға тиіс;

2) сертификаттау талаптарына сәйкес қауіпсіздік және сапа саласындағы ұйым саясаты;

3) осы Сертификаттау талаптарының 8-тармағына сәйкес тағайындалған тұлғалардың тең бағыныстылығын көрсете отырып, тектері мен лауызмдарының, олардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі, ұйымды басқару құрылымы;

4) инженерлік-техникалық персоналдың тізілімі;

- 5) ұйым қызметкерлері құрамының жалпы сипаттамасы;
- 6) өтінімде көрсетілген ұйым мекен-жайларының әрқайсысы бойынша орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаттамасы;
- 7) сұрау салынған бекіту саласына сәйкес ұйым қызметі саласының сипаттамасы;
- 8) қызмет туралы басшылыққа өзгерістер енгізу рәсімдері;
- 9) осы талаптарға сәйкес ұйымда белгіленген және сапа бойынша басшылықта жазылған рәсімдер мен сапа жүйесі;
- 10) олар үшін ұйым АТ ТҚ және Ж қызметтерін көрсететін ӘК пайдаланушымен және/немесе АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса;
- 11) АТ ТҚ және Ж орындауға тартылатын қосалқы мердігер (тарапты) ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса;
- 12) ТҚ желілік/сыртқы желілік станцияларымен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса.

43. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым мынадай ақпаратты қамтитын АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауды қабылдайды:

"1) АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның жауапты басшысы қол қойған ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаудың ережелеріне сәйкес қызметті жүзеге асыру кезінде ұйым рәсімдерінің осы Сертификаттау талаптарына сәйкестігі туралы декларацияны және онда көрсетілген барлық басқа нұсқауларды, сондай-ақ осы сәйкестікті үнемі қолдау міндеттемесі. Егер АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның жауапты басшысы басқа жауапты басшының қарамағында болса, онда осы декларацияға аталған тұлға қол қоюға тиіс;

2) осы сертификаттау талаптарына сәйкес қауіпсіздік және сапа саласындағы ұйым саясаты;

3) осы Сертификаттау талаптарының 8-тармағына сәйкес тағайындалған тұлғалардың тең бағыныстылығын көрсете отырып, тектері мен лаузымдарының, олардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі, ұйымды басқару құрылымы;

- 4) инженерлік-техникалық персоналдың тізілімі;
- 5) ұйым қызметкерлері құрамының жалпы сипаттамасы;
- 6) өтінімде көрсетілген ұйым мекенжайларының әрқайсысы бойынша орналасқан өндірістік қуаттардың жалпы сипаттамасы;
- 7) сұрау салынған бекіту саласына сәйкес ұйым қызметі саласының сипаттамасы;
- 8) АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдер бойынша нұсқауына өзгерістер енгізу рәсімдері;

9) осы Сертификаттау талаптарына сәйкес АТ ТҚ және Ж сапасы жөніндегі нұсқауында жазылған және АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымда белгіленген рәсімдері және сапа жүйесі;

10) олар үшін ұйым АТ ТҚ және Ж қызметтерін көрсететін АТ пайдаланушымен және/немесе АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса;

11) АТ ТҚ және Ж орындауға тартылатын қосалқы мердігер (тысқары) ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса;

12) ТҚ желілік/сыртқы желілік станцияларымен өзара іс-қимыл тәртібі, егер мұндайлар болса.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 9. Метрологиялық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

44. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымы ондағы ақпараттың өзектілігін сақтау үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаулыққа қажетті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етеді.

АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқаулықты және оның кейінгі өзгерістерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым бекітеді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 17.01.2023 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44-1. ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйымдар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға функциялардың кез келген өзгерістері немесе 8 (сегіз) жұмыс күн мерзімінде тағайындалған басшылардың ауысуы туралы хабардар етеді және тағайындалған басшылар болмаған кезде ұйымдардың тиісті құрылымдарында бақылауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 9-параграф 44-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

45. Ұйым авиациялық техника бұйымдарының белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті мониторинг және өлшеу үшін құрылғыны орнатады.

46. Өлшем бірліктерінің жабдықтары:

1) белгіленген кезеңде немесе оны халықаралық немесе ұлттық эталондармен салыстырғанда бірлік мөлшерлерін беретін үлгі эталондары бойынша қолданудан бұрын калибрленген немесе тексерілген болуға тиіс. Ондай эталондар болмаған жағдайда, калибрлену немесе тексеріс үшін пайдаланылатын база тіркелген болуы тиіс;

2) реттелген;

3) калибровка мәртебесін белгілеу мақсатында сәйкестендірілген;

4) өлшеу нәтижелерін жарамсыз етуі мүмкін реттелулерден қорғалған;

5) пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сақтау барысында зақымданудан және жай-күйінің нашарлануынан қорғалған болуға тиіс.

47. Егер жабдықтың талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, Ұйым өлшеудің алдыңғы нәтижелеріне бағалауды және тіркеуді жүргізеді.

48. Ұйым бұзылған және тексерілмеген өлшеу құралдарының технологиялық процестерден уақтылы алуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ техникалық өлшеу құралдарын салыстырып тексеру кестелерінің жай-күйі мен сақталуын бақылау үшін жауапты адамдарды тағайындайды.

Параграф 10. Авиациялық техниканы жөндеудің технологиялық процестеріне қойылатын талаптар

49. Ұйым бөлімшелерде нормативтік, ұйымдастырушылық-тәртіптік, техникалық және өндірістік-бақылау құжаттамаларын басқару бойынша рәсімдерді жоспарлауы және әзірлеуі қажет.

Бұйымдарды жөндеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қолданыстағы стандарттың және нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Ұйымда жоспарланған жұмыстарды орындау үшін, оның ішінде ангарларды, цехтарды, қоймаларды, қызметтік және тұрмыстық бөлімшелерді, жөнделетін бұйымдарды, жөндеу құралдарын орналастыру үшін, сондай-ақ персоналды орналастыру үшін жеткілікті өндірістік алаңдар болуы қажет.

Бұл ретте өндірістік алаңдар:

1) көлемі, жоспарлануы, жарықпен қамтамасыз етілуі, температурасы, ылғалдылығы, тазалығы және басқа да параметрлері бойынша нормативтік құжаттама мен технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді;

2) жұмыстарды орындау үшін қажетті энергия көздерімен және коммуникациялармен (электр энергиясымен, сығылған ауамен, жылумен, сумен, жеделдеткішпен және басқалармен) жарактандырылады;

3) жұмыс істеу аймақтарының қауіпсіздігін (бақылау жүйелерінің және өрттен, жарылстан, уытты әсерден және басқалардан қорғаудың болуы) қамтамасыз етеді.

Бұйымдарды жинау учаскелері қиқым, металл және абразивтік шаңдар мен басқа да кірлерді жасайтын кез келген механикалық өңдеу түрлері орындалатын жерлерден оқшауландырылады. Бұйымдарды тазалау, жуу, бояу учаскелері де басқа жұмыс орындарынан оқшауландырылады.

Жөндеу жұмыстарын өндірістік үй-жайлардан тысқары жерлерде орындау технологиялық құжаттамада айтылған, бірақ бұл ретте жұмыстарды температура, ылғалдылық, шаңдану және атмосфералық жауын-шашын бойынша қолайлы ауа-райы жағдайында ғана орындауға жол беріледі.

51. Материалдарды, бұйымдарды, құрал-саймандар мен жабдықтарды сақтау үшін қойма үй-жайларын қарастыру қажет. Сақтау жағдайы нормативтік құжаттаманың талаптарына жауап береді.

52. Ұйым қоршаған ортаны қорғау жөніндегі барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді. Персонал жұмыс істейтін қызметтік үй-жайларды жоспарлауды жүзеге асыру мен өндіріске басшылық ету, сапаны басқару, персоналды қолайсыз ауа-райынан және өндірістік факторлардан қорғау үшін, сондай-ақ құжаттаманы ресімдеу мен зерделеу үшін жобалау және жабдықтау қажет.

53. Ұйымда технологиялық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін (ұқсас немесе бірдей) жоспарланған жұмыстарды орындау үшін жөндеу құралдары болуы қажет.

Қолданылатын жөндеу құралдары сәйкестендірілген (таңбалау, паспорт беру) және Ұйымның тиісті бөлімшесі аттестаттаған.

Жөндеу құралдарын мерзімдік тексеруді, калибровкалауды, оларға қызмет көрсетуді, жөндеу мен сақтауды нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асыру, сондай-ақ қойылған талаптарға сәйкес келмейтіндерін оқшаулау қажет.

Параграф 11. Бұзылмайтын бақылау

54. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым

:

1) бұзылмайтын бақылау бөлімшелерінің қызметін бақылау рәсімдерін;

2) бұзылмайтын бақылаудың барлық қолданылатын әдістері үшін нормативтік құжаттарды;

3) құйын тәрізді ток, ультрадыбыстық, магнитті, капиллярлық бақылау үшін салалық бақылау және жұмыс үлгілерін қолдануды регламенттейтін рәсімдерді;

4) бұзылмайтын бақылаудың технологиялық процестеріне технологиялық нұсқаулықтарды;

5) жөнделіп жатқан авиациялық техниканың бұғаулары мен бөлшектерінің бұзылмайтын бақылау нәтижелерін ресімдеу және шешімін қабылдау жөніндегі, өндірістік-бақылау құжаттамасына бақылау нәтижелерін тіркеу жөніндегі рәсімдерді әзірлейді.

55. Бұзылмайтын бақылау кезінде қолданылатын жабдық өлшемнің дәлдігіне кепілдік беру үшін мерзімді метрологиялық салыстырып тексеруден және калибрлеуден өтеді.

56. Бұзылмайтын бақылау орындалатын жұмыс орны бұзылмайтын бақылау жөніндегі технологиялық құжаттамамен қамтамасыз етілген және жабдықты баптау үшін эталондармен жаратқандырылған.

57. Ұйымда бұзылмайтын бақылауды жүргізу үшін жеке үй-жайлар, зертханалар немесе арнайы жабдықталған жұмыс орындары, сондай-ақ құйын тәрізді ток,

ультрадыбыстық, магнитті ұнтақты, капиллярлық бақылау әдістері кезінде қолданылатын салалық стандартты үлгілердің жеткілікті саны болады.

Параграф 12. Жөндеу процесінде әуе кемесі мен компоненттерге техникалық қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

58. АТ ТҚ және Ж жөніндегі сертификатты алу үшін АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым :

- 1) пайдалану құжаттамасына өзгерістер енгізу бойынша;
- 2) инженерлік-техникалық персонал үшін рұқсаттарды ресімдеу бойынша;
- 3) әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету түрлерін орындауды ұйымдастыру бойынша;
- 4) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің жалпы түрлерін, сақтау кезінде жедел, маусымдық, техникалық қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсетудің айрықша түрлерін орындауды ұйымдастыру бойынша жөндеу процесінде әуе кемелеріне және құрамдас бөліктеріне техникалық қызмет көрсетуді орындау рәсімдерін әзірлейді.

59. Ұйымда әуе кемелеріне Техникалық пайдалану туралы басшылық талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсетуді жүргізу үшін құралдар болады, ол жауапты лауазымды тұлғалардың техникалық қызмет көрсету нәтижелерін орындау және ресімдеу сапасын бақылауды қамтамасыз етеді.

Параграф 13. Істен шыққан бұйымдар бойынша ақпарат жүйесі мен шаралар қабылдау

60. ТҚК және АТЖ ұйымы қауіпті істен шығулар туралы есептерді жинақтайды және бұл мақсаттар үшін:

- 1) ұшу жарамдылығына байланысты барлық анықталған қауіпті істен шығулар (ақаулар) туралы ақпаратты жинау, есепке алу және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның назарына жеткізу тәртібін әзірлейді;
- 2) пайдаланудан істен шығуларды (ақауларды) жедел жою жөнінде шаралар қабылдау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Ұйымда қызмет атқарады:

- 1) жөндеу және бұйымдарды жөндеуден кейін пайдалану процесінде анықталған істен шығулар (ақаулар) бойынша ақпараттарды жинау, есепке алу мен талдау және ақпаратты тікелей орындаушылар мен қызметтерге жеткізу жүйесі;
- 2) жауапты бөлімшелер мен лауазымды тұлғаларды анықтай отырып, бұйымдардың ақауларына қызметтік тергеу жүргізу және себептерін белгілеу жүйесі бар;

3) бұйымдарға зерттеу жүргізу кезінде Жасаушымен, Әзірлеушімен және ғылыми-зерттеу институттарымен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді.

62. Ұйым жөнделіп жатқан авиатехниканың істен шығуын болдырмау жөнінде алдын алу шараларын жасайды және жөнделіп жатқан бұйымдардың істен шығуын ескерту мен түзететін және алдын алатын іс-қимылдарды іске асыру тәртібін регламенттейтін рәсімдерді әзірлейді.

Параграф 14. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі куәлік

63. техникалық қызмет Ұйым бұйымның ұшу жарамдылығын қорытынды бағалау және ұйымды пайдалануға қайтару мен ұшуға жарамдылық нормативтік құжаттарға сәйкестігін бақылау туралы шешім қабылдау рәсімдерін әзірлейді.

64. Жөндеуден (түрлендіруден) өткен бұйымдардың ұшуға жарамдылық олардың формулярларындағы (паспорттарындағы) жазбалармен мыналарды:

- 1) қолданыстағы технологиялық құжаттамаға сәйкес орындалған жұмыстарды;
- 2) пайдалануға уәкілетті тұлғалар қол қойған бұйымның ұшу жарамдылығы бойынша орындалған түрлендірулер мен іс-шаралар;
- 3) белгіленген аралық жөндеу және кепілдік ресурстар мен қызмет мерзімдері;
- 4) бұйымның массасы мен орнықтылығы (әуе кемелері үшін) және басқа да ерекшеліктері көрсетіліп расталады.

65. Компонентке техникалық қызмет көрсету туралы куәлік осы Сертификаттау талаптарына қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-параграф. Ұшу қауіпсіздігін басқару

Ескерту. 2-тарау 15-параграфпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. "АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 173 бұйрығымен бекітілген Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулыққа сәйкес әзірленген ҰҚБЖ-ны енгізеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6855 болып тіркелген).

67. ҰҚБЖ мыналарды қамтиды:

- 1) қауіпсіздік саясатын және қауіпсіздік мақсаттарын;
- 2) тәуекелдерді басқаруды;
- 3) қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік деңгейін арттыруды.

16-параграф. Сапаны басқару

Ескерту. 2-тарау 16-параграфпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Сипаттамасы АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауында қамтылған АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым сапа жүйесін енгізеді.

69. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйым өз құрылымында сапаны бақылау және/немесе сапа кепілдігі қызметін көздейді.

70. ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйым штатында сапа жүйесіне жауапты адамның болуын көздейді. Осы адам мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) авиациялық-техникалық жоғары немесе орта білімінің болуы;
- 2) азаматтық авиацияның сертификатталған авиациялық оқу орталықтарында немесе сертификаттарын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым таныған азаматтық авиацияның шетелдік сертификатталған авиациялық оқу орталықтарында сапа кепілдігі аудиторларының курстарын сәтті аяқтағаны туралы сертификатының болуы;
- 3) сапа жүйесін басқару саласында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Сапа жүйесіне жауапты адамдар азаматтық авиацияның сертификатталған авиациялық оқу орталықтарында немесе сертификаттарын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым таныған азаматтық авиацияның шетелдік сертификатталған авиациялық оқу орталықтарында екі жылда бір рет кәсіби деңгейін қолдау бойынша курстардан өтеді. Сапа кепілдігінің ішкі аудиторының біліктілігін қолдау жыл сайын өз бетімен кем дегенде төрт ішкі сапа аудитін жүргізумен жүзеге асырылады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Сапа жүйесінің жауапты тұлғасы АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынады.

73. Бақылау және/немесе сапа кепілдігінің қызметі тәуелсіз сапа аудитін өткізеді. Сапа кепілдігінің мәселелері бойынша АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысына хабарлау жүйесін көздейді.

74. Жыл сайынғы сапа аудиттер бағдарламасы ТҚК және АТЖ жөніндегі ұйымның рәсімдер бойынша нұсқауының барлық бөлімдерін және тарауларын тексеру аудитін

енгізуі тиіс. Сондай-ақ, аудиттер бағдарламасында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым таныған ТҚК және АТЖ жөніндегі келісімшарттық ұйымдардың аудиті осы сертификаттық талаптарға сәйкес көзделуі тиіс.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Ішкі және сыртқы аудиттер процессінде анықталған сәйкессіздіктер бойынша талдаудың тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапа кепілдігінің қызметі құжаттамалардың жүргізілуін, сапаны бақылау және/немесе кепілдігі аудитінің нәтижелерін жазылуын, түзету іс-қимылдары және сәйкессіздіктер пайда болуының негізгі себептерін талдауды, сондай-ақ сәйкессіздіктердің қайталануының алдын алуды қамтамасыз етеді.

76. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапа кепілдігі бөлімшесінде АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауында сипатталуы тиіс аудит нәтижесі бойынша есептердің үлгілік нысандары, сапа кепілдігі аудиттерінің жылдық жоспары болуы тиіс. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның рәсімдері бойынша нұсқауында АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның персоналдарымен кері байланыс жүйесінің сипаттамасы және жауапты тұлғалар түзету іс-қимылдарын қолданғаны және қамтамасыз етілгендігінің сипаттамасы болуы тиіс.

Авиациялық техникаға
техникалық қызмет көрсету
және жөндеу жөніндегі
ұйымдарға қойылатын
сертификаттық талаптарға
1-қосымша
Нысан

Компонентке техникалық қызмет көрсету туралы куәлік

Ескерту. Талаптар қосымшамен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.07.2017 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.07.2019 № 568 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның атауы Approving National Aviation Authority/Country	2. Компонентке техникалық қызмет көрсету туралы куәлік Authorized Release Certificate	3. Нысанның бақылау нөмірі Form Tracking Number
4. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның атауы және мекенжайы Organization, Name and Address	5. Тапсырыс / Келісімшарт/ Есепшот нөмірі Work Order/Contract/ Invoice number	
		11 . Жұмыста

6. Бұйым Item	7. Сипаттама Description	8 . Құрамдас бөліктің нөмірі Part number	9. Саны Quantity	10. Сериялық нөмірі Serial Number	Р мәртебесі /түрі Status / Work
12. Қосымша мәлімет Remark					
<p>13. Жоғарыда көрсетілген бұйым мыналарға сәйкес жасалғанын растайды: Certifies that the items identified above were manufactured in conformity to: Бекітілген конструкторлық құжаттамаға және қауіпсіз пайдалануға жарамды Approved data and in condition for safe flight <input type="checkbox"/> 12-жолда көрсетілген бекітілмеген конструкторлық құжаттамасымен Non-approved data as specified in block 12. <input type="checkbox"/></p>			<p>18. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға рұқсат Return to service as per in accordance with legislation of the Republic of Kazakhstan <input type="checkbox"/> 12- жолда көрсетілген басқа нормалар бойынша рұқсат Other Regulations as specified in block 12 (12-жолда басқасы көрсетілмесе) 11-жолда көрсетілген және 12-жолда жазылған жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалғанын және көрсетілген жұмысқа қатысты бұйым пайдалануға рұқсаты үшін бекітілгенін растайды Certifies that, unless specified in block 12, the work identified in block 11 and described in block 12, was accomplished in accordance with of the Republic of Kazakhstan, and in respect to that work, the items are approved for return to service <input type="checkbox"/></p>		
14. Қолы Authorized Signature	15. Бекіту / куәлік нөмірі Approval/Authorization number	19. Қолы Authorized Signature	20. Бекіту / куәлік нөмірі Approval/ Authorization number		
16. Тегі, аты Name	17.Күні: күні/айы/жылы Date:	21.Тегі, аты Name	22. Күні: күні/айы/ жылы Date:		

CAC RK Form 1